

Аширова А.Т.¹, Абдрахманова Ж.А.²,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
¹ф. ғ. к. доценті, ²ф. ғ. к. доценті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: anara_314@mail.ru, zhaz_abd@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЭМОЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Эмоция – адам бойындағы ең үлкен күш. Себебі ол адамның еркінен тыс, ол адамға бағынбайды. Ал біз осы ішкі құбылысты еліміздегі қазақ тіл білімінің дамуына, оны оқытуға дұрыс қолдануымызға болады. Адам бойындағы борыш, мақтаныш, жауапкершілік, ұят, аяушылық және т.б. сезімдерді оята отырып, адамның бұл тілді неліктен оқуы керектігін түсіндіруге болады. Адамның психикалық күйін зерттеу арқылы оның жекелеген эмоциясын тануға мүмкіндік аламыз. Және әр адамға тілді әртүрлі эмоцияны ояту арқылы үйретуге, оқытуға болатынын түсінеміз. Тіл тек байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар рухани азық бере алатындығын танытамыз. Борыш сезімін оята отырып, өз елінің тілін білуге шақырамыз. Немесе мақтаныш сезімін оята отырып, өзінің осы тілді жетік білуге деген құлшынысын арттырамыз. Мұның барлығы адамның эмоциясын дұрыс таныған кезде іске асады.

Түйін сөздер: психология, эмоция, сезім, мақтаныш, жауапкершілік.

Ashirova A.T., Abdrahmanova ZH.A.

The role of emotion in learning the Kazakh language

Emotion is the greatest force in the human mind. Because it is independent of the will of man, it is not subject to man. And we can use this force for the development of Kazakh linguistics, and learning the language. When a man is awakened sense of duty, pride, responsibility, conscience, compassion and etc. He will think why is this language important to him and why he needs to teach. Investigating the mental state of the person we can discover his ability through a separate emotions. To teach every person this language evoking the characteristic emotions. Language is not only communication tool, and it still is a spiritual power. Awakening of a sense of duty, we urge to know the language of their country! Or awakening a sense of pride, increase motivation to quickly master this language perfectly. All of this is done with the proper measurement of the emotions of a person.

Key words: psychology, emotion, feelings, pride, responsibility.

Аширова А.Т., Абдрахманова Ж.А.

Роль эмоции в изучении казахского языка

Эмоция – самая большая сила в сознании человека. Потому что оно независит от воли человека, оно не подчиняется человеку. А мы можем использовать эту силу для развития казахского языкознания, и для обучения этого языка. Когда в человеке пробуждается чувства долга, гордости, ответственности, совести, сострадания и и.т.д. он будет думать почему этот язык важен для него, и почему он должен его обучать. Исследоваая психического состояния человека мы можем познать его возможность через отдельные эмоции. Научить каждого человека этому языку пробуждая свойственные для него эмоции. Язык не только средство связи, он еще и является духовной силой. Пробуждая чувства долга, мы призываем знать язык своей страны! Или пробуждая чувство гордости, повышаем мотивацию поскорее овладеть этим языком в совершенстве. Все это осуществляется при правильном измерении эмоции человека.

Ключевые слова: психология, эмоция, чувства, гордость, ответственность.

Мектептің болмаса жоғарғы оқу орындарының ұстаздары өз жұмыстары барысында әртүрлі шәкірттермен жолығады. Олардың әрқайсысының өзіне тән мінезін, талабын тани дұрыс білу ұстаздың басты міндеті. Сонымен қатар, әр шәкіртке өзіндік талаппен, өзіндік сыни көзқараспен қарау керек. Бұл туралы Ж. Аймауытұлы: «Әркімнің өз ойы, өз оңтайы болады. Баланың ой жемісін, өз ойтаңын бұзып керек емес. Тек өз сарынымен келмей, үйлеспей тұрған сөздерін дұрыс құрастырып, не демек болғанын табу керек. Тамыршылдық осында» дейді өзінің бала оқытуға қатысты мақаласында [1, 235]. Яғни, әр шәкірттің өзіндік талабы болады. Сол талапты тани біліп, дамыту, бұрмаламай тек өз арнасынан шығып бара жатқан тұста ғана қайта қайырып, дұрыс бағыт сілтеп жіберу керек. Және бұл тек бір ғана ғылымға қатысты айтылған пікір емес. Бұл ұстанымды шәкіртке ғылымның қай түрін үйретсекте ұстанғанымыз абзал секілді. Біз өз кезегімізде қазақ тілін оқыту кезінде осы талапты алдымызға қоямыз. Ал енді Аймауытұлы айтып тұрған баланың өз ойы мен өз оңтайы туралы не айтамыз? Оны қалай танымыз.? Біз бұл мақала да осы сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.

Шәкірттің өз оңтайын тану үшін оның ішкі жан-дүниесіне үңілуіміз шарт. Яғни, оның психикасымен эмоциясына мән берген абзал. Алдымен осы психика, эмоция сөздерін түсініп алайық.

Психика – түйсіну, қабылдау, елестету ойлау, сезім, ерік және т.б. түрінде шынайы өмірді бейнелеуге көмек қылатын мидың негізгі қызметтерінің бірі түрі; адамның өзіне тән сапалы, саналы я болмаса керісінше бағыттағы тәлім-тәрбиесін анықтайды; қоғамдық еңбек үдерісі мен тілдің дамуы арқасында пайда болуымен байланысты психиканың жоғары нысаны – адам санасы, бұл бірінші түсініктеме.

Екіншіден, психика адамның рухани жетілушілігі, оның рухани сапасы, көңіл-күй иірімдерінің жиынтығы. Психика биологиялық эволюциялардың жемісі және жалғасы [2, 244]. Психиканың екінші сатысында адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін өзінше ұйымдастыратын және оқиғаның өткенін, бүгінін және болашақ күйін реттей алатын қабілет қалыптасады.

Енді эмоцияны түсінуге келейік. Эмоция – адам мен жан-жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсерінің реакциясы, қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй деп түсінуге болады [3, 384]. Эмоция негізінен зерттеулер бойынша ежелгі

латын тіліндегі сөз, алайда қазір таңда ғылымда көбінесе француз тіліндегі сөз ретінде жазылып, зерттеліп жүр. Латын тіліндегі аудармасы жоқ болғандықтан француз тіліндегі жаңа аудармасын ұсынып өтейік. Эмоция – толғану немесе көңілдің күйі деген мағынаны білдіреді. Ол адамның мінез-құлқына санадан, еріктен тыс әсер етеді. Эмоцияның құрамына әртүрлі сезімдер мен көңіл-күйлер кіреді.

Сонымен, тақырыпқа азық боларлық екі негізгі, қажетті ұғымды түсініп алдық. Енді олардың қазақ тіл біліміне, тілді үйрену мен оқуға қандай қатысы немесе әсері бар екендігін қарастырайық. Біз шәкірттің тілді оқу кезінде ішкі иірімдерін, түйсігін, сезімдерін оята білуіміз шарт. Оның ішінде негізгісі отансүйгіштік. Яғни егер бізге оған өз отанын, сол отанның мемлекеттік тілін білудің маңызын түсіндіру керек. Сол тілді үйрену арқылы өз ішкі мәдениетінің, өз ішкі руханиятының ғана емес, өз елінің дамуына үлес қосатынын түсіндіру қажет. Бұл адамның тіл үйренуге деген құштарлығын арттыра түседі. Қазақ мәдениетін түсіну әр қазақтың борышы, ал оны түсіну үшін Абайды оқу керек. Және осы өзге тілде емес, Абайдың өз тілінде оқу керек. Расул Ғамзатовтың «Махмуд жырын оқу үшін жас қауым, күте ме, әлде, аударуын басқаның» деген сөзіне сай келеді [4]. Бұл эмоцияның бірінші түрі делік.

Эмоцияның біз қолдануға тиіс тағы бір маңызды түрі – ұят. Біздің елдегі оқыту жүйесінде көп қолданылмайтын бұл көңіл-күй еуропалық, оның ішінде көршілес ресейлік педагогика ғылымында көбірек қолданылады. Мәселен, ресейлік психолог ғалымдардың «мектеп оқушысын оқытудағы эмоцияның әсері» атты зерттеу жұмыстарында көңілдің осы күйін баса назарға алады. Яғни шәкірттің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру үшін оның бойындағы ұятты ояту керек. Ол өзі білуге тиіс дүниені білмеген жағдайда сол білместігі үшін ата-анасы алдында, ұстазы алдында, қатарластары мен жалпы қоғам алдында ұялуы қажет. Ал оның бойындағы ұят сезімін оятатын тетіктерді табу ұстаздың міндеті [5, 131]. Енді бұл тәжірибенің біздегі қазақ тілін оқытуға тигізер септігі туралы айталық. Бреславтың тәжірибесі бойынша мәселен, сен осы елдің азаматы бола тұра қазақ тілін білмегендігің ұят деп жай ғана айта салатын болсақ, ол шәкірт психикасына қажетті ұят эмоциясын тудырмайды. Ал егер ертең өзге елдің азаматы келіп, сенен сенің еліңнің мемлекеттік тілінде өзіне қажетті ақпаратты сұрайтын болса, сен жауап бере алмасаң бұл ұят

деп түсіндірсек әлдеқайда әсерлі болады. Және эмоциялық толғанысқа түсіреді. Яғни өзге адам білетін нәрсені сен білмейсің деу, психологияда салыстыру арқылы қажетті эмоцияны оята білу.

Эмоцияның тағы бір тамаша түрі мақтаныш. Адам баласының әсіресе жасөспірімдер мен жастардың бойына, ойлау жүйесіне тән сезімнің түрі. Сен өзің осы тілді білетіндігіңе, осы тілді меңгеріп, оқып жүргеніңе мақтана білуің керек. Ал кез келген бір нәрсемен мақтану үшін сен оны жете меңгерген болуың шарт. Сонымен, шәкірт қазақ тілін жете меңгеріп, өз қатарластарының алдында мен тілді сендерге қарағанда жетік білемін, мен бұл тілді өз қажетіме емін-еркін қолдана аламын деген мақтаныш сезімі оянуы тиіс.

Алдыңғы ұят сезімімен, кейінгі мақтаныш сезімін ұстаздың өз қажетіне жаратуына әбден болады. Оны алдымен салыстыру арқылы ол сенен артық біледі немесе сен одан артық білесің деу арқылы ой қозғау. Екінші жағдайда мақтаныш сезімін оятса, екіншісінде ұятты ояту. Алайда кей кездері ұятты оятқаннан гөрі эмоцияны ояту кезінде психологияда кең қолданылатын «мақсат рефлексін» қолдану керек. Яғни сенің мақсатың тілді оның дәрежесіне дейін үйрену немесе одан әрі тереңдей түсу деген секілді. Яғни мотивация бере білу.

Бұл сезімдердің (эмоциялардың) барлығы адамға бала кезінен сіңіп кеткен. Тіпті табиғаттан туа бітті берілген. Жас сәбидің алғаш дүниеге келе салғанда жылағаны осы эмоция көрінісінің бастауы. Уақыт өте келе адам бойындағы эмоция өзгеріске ұшырап, рухани өсуге мәжбүр етеді. Эмоцияның біздің заманда ең көп көрініс тапқан түрі – аяушылық. Сондықтанда қазір Африка материгіндегі ауыр жағдай мен аштық болмаса Жапониядағы цунами болмаса, тағы бір елдігі соғыс, бір елдігі жер сілкінісі әлемдегі жаңалықтардың басты тақырыптарына айналып отыр. Біз осы жағдайларды үздіксіз бақылап отырмыз. Ал осы эмоция түрі аяушылықтың қазақ тілін оқытуға қаншалық қатысы бар. Неліктен жаңағы жаңалықтар тып-тыныш, бейбіт отырған біздерге яғни әлемнің көп бөлігіне әсер етеді. Себебі біз осы арқылы өз жағдайымыздың дұрыстығын түсінеміз. Және бейбіт күннің ұзара түсуі үшін, тыныштық үшін өмір сүріп келеміз. Соны сақтауға тырысамыз. Ал енді әлемде өз тілінде сөйлеп отырған қанша мемлекет бар. Деректерге сүйенсек, әлемнің жүзге жуық елінде ағылшын тілі, елуден астам елінде француз тілі мемлекеттік тіл есебінде екен. Одан бөлек біздің бауырлас ұлттарымыз

татарлар мен аварлар, шешендер мен ұйғырлар, дүңгендер өз тілдерінен айырылу қаупі алдында тұр. Ал біз керісінше өз тілдердің үстемдігінен құтылып келеміз. Британдық ғалымдардың зерттеуі бойынша қазақ тілінің даму қарқыны өз түркі тілдерімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары [6]. Біл өзге тілдерге деген аяушылық сезімі арқылы өз тіліміздің ол құрсаудан құтылғаны үшін шүкіршілік етеміз. Бұл адами эмоцияның ең үлкен белгісі.

Кез келген тілді үйрену, оқу кезінде қандай да бір сәтсіздікке ұшыраған болсаңыз. Сол сәтсіздіктің қандай себеппен болғандығын анықтап көріңіз. Көбіне ондай сәтсіздіктер эмоция кесірінен, яғни сенімсіздік пен толғаныс әсерінен боғандығын түсінесіз. Мәселен, егер қазақ тілін жаңа үйреніп жүрген адаммен қазақ тілін туғаннан білетін екі адамның әңгімесі кезінде тілді бұрыннан білетін адам жаңа оқып жүрген адамға оның қателіктерін бетке басып, келеке ететін болса, тілді оқуға деген құлшыныс жоғалып кетері анық. Сол үшін адамды келеке етпей, оған қателіктерін түсіндіру керек. оның бойындағы талпыныс сезімін оятып қана қоймай оны одан әрі жетілдіру керек.

Біз тілді бұл жолдармен оқыту арқылы адам бойындағы эмоцияны оятып қана қоймаймыз, біз оны тәрбиелейміз. Яғни адамға өз тілін үйренудің маңызын эмоцияналды түрде түсіндіреміз. Бұл тілді үйретудің ең тамаша жолы. Эмоция дегеніміз психологның бір парасы. Ал психология сөзін грек, латын тілдерінен Еуропа елдерінің кейбір тілдеріне (ағылшын, неміс, француз, итальян, испан, грек) аударғанда «руханият» деген мағынаны білдіреді. Мысалы қазақ тілі үшін арабтың «рух» сөзі өз сөзі сияқты ұғылатын болса, батыста «псюхе» сөзі «рух» мағынасында өз сөзі ретінде қолданылыла береді. Батыс елдері «Ағылшын руханияты», Француз руханияты» немесе «Грек руханияты» деп түсіндіреді психологияны. Бір сөзбен айтқанда «рух туралы ғылым» [7, 344]. Ал біздегі түсіндірме бойынша психология «жан» деген мағынаны білдіреді.

Біз неліктен психология мұнша терең тоқталып жатыр деп ойлап отырған боларсыз. Себебі біздегі қазақ тілін оқытуда эмоцияны қолдану үшін алдымен психологиялық тұрғыда тұжырымдама жасап алған жөн. Ал бізде ондай тұжырымдар мүлдем жоқ. яғни, адамның ішкі жан дүниесін зерттеу ғылымы кеңестік ой-пікірден әрі қарай аса алмаған күйі қалған. Батыс елдеріндегі «рухани даму», «рухани азық», «рухани кесел» деп зерттеулер жүргізіп тастағалы

қашан. Ал біздің ғылым оны «психологиялық даму», «психологиялық азық», «психологиялық кесел» деп қате түсініп жүр. Біздегі психология күнделікті қоғам өмірімен араласпайды. Мәселен, батыста баланы психологқа бердім десеңіз дұрыс қабылдайды. Ал бізде бұлай айтсаңыз балаңыздың «психологиялық ауытқушылығы» бар деп түсініп, тұжырым жасап қояды. Батыста адамның эмоциясын қойып, жан-жануарлардың, өсімдіктердің эмоциясын зерттеуге кірісіп жатқанда, біздегі эмоция театрдағы болмаса кинодағы құбылыс ретінде қарастырылады. Шынайы өмірдегі шынайы адамдардың эмоциясын зерттеу деген атымен жоқ. Сондықтан біздегі тілді болмаса басқа ғылымды оқыту кезінде эмоцияның алар орнын айту үшін алдымен осы психологияның өзін дамытып алу керек.

Ал психология жақсарған тұста біз келесі рет бойынша қазақ тілін оқытуда эмоцияның ролін көрсете аламыз:

1. Гипотезаларды ұсыну. Яғни тілді үйрену үшін эмоцияның қандай түрін қолдану керектігін саралап алу. Оны жоғары да көрсетіп өттік.

2. Тәжірибе немесе бақылау. Ұсынылған гипотезаны іс жүзінде енгізіп, қолданып көру.

3. Тәжірибе барысында қателіктерді тауып, гипотезаларды дұрыстап отыру.

4. Қорытындылау. Қорытынды дұрыс шықпаған, тәжірибе оң нәтиже бермеген жағдайда бірінші кезеңге қайта өту, жаңа жолдарды қарастыру.

Адам санасындағы, бойындағы ең үлкен күш эмоция. Оның үлкендігі сондай адамның өз еркінен тыс. Адам оны басқара алмайды. Ал сол эмоцияның сан қилы түрлерін оята отырып, адамды талай биікке шығаруға болады. Немесе керісінше талай биіктен құлатуға болады. Біз осы эмоцияны қазақ тіл білімінің дамуына, қазақ тілін оқытуға тиімді пайдаланудың жолдарын көрсеттік. Оны тек дұрыс қолдана білу қажет.

Әдебиеттер

- 1 Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі көптомдық 2. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014.
- 2 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008.
- 3 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006.
- 4 <http://zhumeken.kz/>
- 5 Бреслав Г.М. Эмоциональные особенности формирования личности в детстве. – М., 1990.
- 6 <http://qamshy.kz/>
- 7 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.

References

- 1 Saq Q. Alaş kösemsözi: Til мәselesi köptomdıq 2. – Almatı: Qazaq énceklopedıyası, 2014.
- 2 Orısşa-qazaqşa zañdıq tüsındırme sözdik-anıqtamalıq. – Almatı: Jeti jarǵı, 2008.
- 3 Jantanw atawlarınıñ tüsındırme sözdigi. – Almatı: Sözdik-Slovar, 2006.
- 4 <http://zhumeken.kz/>
- 5 Breslav G.M. Émocionalnie osobennosti formirovaniya liçnosti v detstve. – M., 1990.
- 6 <http://qamshy.kz/>
- 7 Bïekenov K., Sadırova M. Älewmettanwdıñ tüsındırme sözdigi. – Almatı: Sözdik-Slovar, 2007.